



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 6 сәуір

### **Д. Ақышев: Коллекторлық қызмет туралы заң жобасы банк пен борышкердің өзара қарым-қатынасын қайта құрады**

Коллекторлық қызмет туралы заң жобасы 3 кодекске және 8 заңға өзгерістер енгізуді көздейді, яғни борышкер мен кредитордың өзара қатынасындағы проблемалық біраз мәселелерді жүйелік тұрғыдан шешеді. Бұл туралы бүгін ҚР Парламенті Сенатының Пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Д. Ақышев өз баяндамасында, сонау 2012 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен Келісімшарт жасасу тәуекелдерін тәуелсіз бағалау институттарын және коллекторлық агенттіктерді одан әрі дамыту тұжырымдамасы бекітілгенін, онда азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін коллекторлық қызметті мемлекеттік тұрғыдан реттеуді енгізу болжанғанын еске түсірді. «Коллекторлық компаниялардың іс жүзінде ұзақ уақыт болуына және біздің өмірімізге кеңінен енуіне қарамастан, олардың қызметі арнайы заңнамамен реттелмейді және мемлекет уәкілетті органдары арқылы оларды бақыламайды», – деп атап өтті ол.

Ұлттық Банк Төрағасы «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы барлық мүдделі тараптардың қатысуымен кеңінен талқыланған заң жобаларының бірі екенін атап өтті. «Жұмысқа қоғам қайраткерлері, заңгерлер, адвокаттар, коллекторлық компаниялар қатысты. Біз барлық қатысушылардың мүдделерін ескеруге тырыстық және қоғамның заң жобаларын теріс қабылдамауында айтарлықтай жетістікке қол жеткіздік», – деді Д. Ақышев.

«Коллекторлық қызмет не үшін керек және ол неліктен пайда болды? Мұнда екі аспектіні қарау керек. Бір жағынан, банктер кредиттер береді және қарыз алушылар тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда, борышты өндіріп алады. Бұл процеске заңдық негізде коллекторлық агенттіктер тартылады, олардың міндеті борышты қайтару жұмысын жүргізу болып табылады. Дәл осы реттелмейтін сегментте қазір қарыз алушыларға қатысты құқық бұзушылықтар байқалып отыр, олар қалыпты құқықтық қорғауды ала алмайды. Мұның бәрі азаматтарымызға қатысты асыра сілтеуге және жосықсыз әрекеттерге әкелді, – деп атап өтті Д. Ақышев баяндамасында. – Екінші аспект банктер халықтың және кәсіпорындардың депозиттерін сақтайтын жер және ақшаның сақталуын қамтамасыз етуге міндетті болып табылады». Сондықтан, оның айтуынша, банктерде кредиттері бар, сол сияқты өзінің депозиттерін қайтаруға үміті бар халықтың барлық тобы мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету қажет.

«Біз осы жағдайда бүгін «Коллекторлық қызмет туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коллекторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары осы қағидаттарға жауап береді

және берешекті өндіріп алу бойынша болашақтағы өркениетті диалогтың негізін қалайды деп санаймыз. Заң жобалары банк пен борышкердің өзара қарым-қатынасын іс жүзінде қайта құрады. Банктер кредиттік тәуекелдерді бағалауға сақтықпен қарайды, ал клиенттер – кредитор алдында қаржылық міндеттемелерінің тиісінше орындалуына жауапты болу үшін тиісті деңгейде қорғалып, хабардар болады», – деп толықтырды Д. Ақышев.

### **Коллекторлық қызмет туралы заң жобасында коллекторлардың борышкермен өзара іс-қимылының тәсілдері нақты айқындалған – Д. Ақышев**

Коллекторлық қызмет туралы заң жобасында коллекторлық агенттіктердің борышкермен өзара іс-қимылы тәсілдерінің нақты тізбесі айқындалған. Аталған тізбеден тыс орын алатын іс-қимылдарға тыйым салынады, ал оларды жасау әкімшілік және қылмыстық тәртіппен қатаң жазаланады. Бұл туралы бүгін ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Сенатының Пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде мәлімдеді.

Ол заң жобасында тікелей шектеулердің көзделетіндігі туралы айтып берді. Мәселен, бір күнде 3-тен артық телефонмен сөйлесуге, ал бір аптаның ішінде 3-тен артық кездесуге болмайды, бұл ретте өзара іс-қимыл уақытын борышкер белгілейді. Мереке және демалыс күндерінде кез келген жеке кездесулерге тыйым салынады.

«Заң жобасы бақылау құралы ретінде коллекторларды борышкерлермен жүргізілетін келіссөздерді аудио және бейне жазуға және дербес ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге міндеттейді, – деп жалғастырды Д. Ақышев. – Коллекторларды міндетті түрде тіркеуді және кейіннен Ұлттық Банк тарапынан мемлекеттік бақылауды енгізу қағидаттық тұрғыдан маңызды деп есептейміз. Қызметінде жүйелі түрде заңсыз әрекеттер байқалатын коллекторлық агенттіктер ресми тізілімнен дереу алып тасталады, бұл банктермен және борышкерлермен жұмыс істеуге бір кезде тыйым салуды білдіреді».

Ұлттық Банк басшысының айтуынша «мінсіз беделі бар адамдарды ғана борышкерлермен өзара іс-қимыл жасау үшін жіберуге мүмкіндік беретін меншік пен басқарудың айқын құрылымы коллекторлық ұйымдардың адал болуының маңызды шарты болып табылады».

Ол коллекторлардың заңсыз іс-әрекетіне берген қарыз алушылардың барлық шағымдары реттеушінің назарынан тыс қалмайтынын атап өтті. Оның айтуынша, заң жобасында сотқа дейінгі медиацияның құқықтық негіздері мен тетіктері көзделген. Мысалы, сотқа дейінгі медиация кезеңінде борышты уақтылы өтемегені үшін сыйақы, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеуге тыйым салу енгізіледі, сотқа жүгінуге мораторий белгіленеді. «Осындай жан-жақты қалыпқа келтірілген тәртіп қана кредиттік шарт тараптарының әрқайсысының адал әрекет етуін қамтамасыз етеді», – деп қорытындылады Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).